

Үкібай ақсақал қауқылдаған, ақ көңіл кісі екен. Жетпіс алты жастағы өмірдің ыстық-суығын бірдей көрген қарияның көңіл тұкпірінде бұғып жатқан терең сырларды сұрақ қойып, шыжымдап тартып көргенімізде біраз әңгіменің тиегі ағытылғандай болды.

- Адам жас кезімде көрген қорлық, азапты еш ұмытпайды екен, - деп бастады Үкібай ақсақал әңгімесін сабақтап. - Әкеден бес жасымда жетім қалдым. Марқұм қазақтан шыққан алғашқы өндіріс жұмысшыларының бірі еді. Өндірісте жүргенінде биік басқыштан абайсызда құлап, мерт болыпты. Шешем он екі құрсақ көтерген кісі еді. Менен басқасының бәрі сол кездегі қиын-қыстау кезеңнің, ашаршылықтың, жоқшылықтың ұшқыны тиіп, ерте топырақ жамылыпты. «Жалғыздың - жары құдай» дейді ғой, тағдырдың бұл салған сынына жалғыз төтеп беруіме тура келді. Ұлы Отан соғысы кезінде тұрмыстың қиындығынан құтылу үшін Жездіде тұратын нағашыларыма барып паналадым. Мектепті де толық тауысқаным жоқ. Он төрттен он беске қараған шағымда Жезді марганец кен басқармасына жұмысқа орналасып, токарь станогына үйренуші болып бекітілдім. Сондағы оғым - майдан ісіне титтей болса да үлес қосу еді. Ол ойымды орындадым. Еңбек бізді ерте есейтті. Осыны бүгінгі заманның ұрпақтары түсінсе, сезіне білсе, оның өзі үлкен ғанибет қой...

Үкібай ақсақалдың сөзінде үлкен шындық бар. Өмір сүру, соған лайықты еңбек ету сұралып соғыс жылдарында бұғанасы қатып, бекімеген жас балалар үшін де оңай тиген жоқ.

Сарыарқа. - Жезқазған. - 2005. - 13 сәуір (№ 32). - 3 б.

«Бәрі де майдан үшін, Жеңіс үшін!» деген ұран кәрі мен жастың жүрегін баурап, ой-санасын тербеп тұрған қиын кезеңде Үкібай сынды алғыр, албырт бозбалалар ел ісіне атсалысудан аянып қалған жоқ. Ойын баласына ойын-күлкіні, ұйқы мен түсті ұмыттырған, қара суға, быламыққа қарын тойдырған аты өшкір соғыстың ылаңы, ауыр сынағы ұмытылар ма, сірә?! Үкібай ақсақал осыны айтқысы келеді, осыны жастар жүрегіне жеткізгісі келеді, балаларына да еңбекке енжар, самарқау қарамауды үйретеді. Бұл үлкен тағылым, қала берді кісіліктің, қарапайымдылықтың шынайы көрінісі емес пе?! Қарт әңгімесінен мен осыны ұқтым.

... Электр - механикалық цехында бірер ай токарь мамандығында үйренуші болып жұмыс істеген Үкібай Асанов өзімен қатарлас Жездінің балалары Дәуімбай Молдабеков, Шәкім Сүлейменов, тағы басқалар бір-бір станокты менгеріп, байырғы токарьлардың қатарына қосылады. Ол кезде сегіз сағаттық жұмыс күні он-он екі сағатқа созылып кететін. Қазаған қыста, суық цехтың ішінде мұздай темірді станок жанында түрегеп тұрып жону, берілген норманы орындамайынша үйге қайтпай, бітіріп тастау - үйреншікті дағдыға айналған еді. Суықты былай қойғанда, түнгі ұйқының қиын азабын Үкібай көріп бақты. Станок жонуда қалғып кетіп, маңдайын мұздай темірге соғып алған кездер де көп болды. Таңертең көзі ісіп, маңдайы шодырайып кеткен Үкібайды көрген цех басшылары әзілдеп: «Бекіренің басы тасқа тисе қайтады деуші еді бұрынғылар, сенің ештеңеден қайта-

тын түрің жоқ қой», - деп мазақ ететін. Бұл да мұндай сөзге шамданбайтын, қайта қайсарланып: «Бәрі де Жеңіс үшін ғой! Майданда көкелеріміз оққа ұшып жатқанда, біздікі тәйірі неге тұрады?!» деп өзін келемеж еткендерді батыл тойтарып тастайтын. Жезді марганец кен басқармасында үш жыл токарь болып қайратты жұмыс жасаған жас жігіт Ұлы Жеңістің салтанатты сәтін майданға ерекше үлес қосқан Жезді еңбеккерлерімен бірге қарсы алды. Ол токарь станогынан жонылып шыққан әрбір бөлшек сайманды жауға қарсы атылған оқ деп түсінді. Жеңісті жақындатуға осылайша үлес қосқан Үкібай Асановтың омырауынан берік орын алған бір өшпес белгі - «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» медалі соның айғағы болса керек.

Соғыстан кейін Үкібай Асанов туған жері Қарсақбайға қайта оралып,

МАҒЫНАЛЫ ҒҰМЫРДЫҢ СОҚПАҚТАРЫ

*тыл ардагері Үкібай АСАНОВ
жайлы бір үзік сыр*



осындағы теміржол цехында токарьлық мамандығын жалғастырады. Цех бастығы ол кезде Қасым Мырзатов болатын. Паровоздарды жөндеу, олардың бөлшек-саймандарын жону ісінде Үкібайдың қол шеберлігі мұнда да танылды. Жігерлі жас бұл жерде де қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, комсомол ұйымының жетекшісі атанады. Жаңашыл, озық бастамаларға ұйытқы болады.

1959 жылы отбасы жағдайымен Жезқазғанға көшіп келген Үкібай Асановтың бұдан кейінгі еңбек жолы сол кездегі «Қазмысқұрылыс» тресінің құрылыс базасында жалғасады. «УПТК» деп атанып кеткен бұл жұмыс орнында ол бастапқыда токарь, нормалаушы болып жұмыс істейді. Кейіннен ауысым шебері, база бастығының орынбасары, еңбек жөніндегі техник қызметтерін атқарады, цехтың бастауыш партия ұйымына жетекшілік етеді.

Үкібай ақсақал 1989 жылдан құрметті еңбек демалысында. Ол кісі кезінде ел қатарлы еңбек еткенін, соның зейнетін көріп отырғанын қанағат тұтады. Мағыналы өмірінің соқпақты іздерінен қалған белгілер де аз емес. Жеңістің 50, «Қазмысқұрылыс» тресінің 30 жылдығы құрметіне алған мерекелік және «Еңбек ардагері» медальдері, Елбасының қолы қойылған Алғыс хат, көптеген мақтау грамоталары бар. Оларды мұқият сақтап, немерелеріне көрсетеді, өзі де солармен бірге қуанады. Ақсақал өз шаңырағынан өрген жеті баладан он төрт немере көрген. Басты байлық та, бақыт та - осы екенін жан жүрегімен сезінеді.

**Ибраһим БЕКМАХАНҰЛЫ,
"Сарыарқаның"
арнаулы тілшісі.**

Жезқазған қаласы.